

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ӘР КЕЗЕҢДЕРІНДЕГІ

### ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Әдеби тілдің, оның ішінде жазба әдеби тілінің әр кезеңдеріндегі жазба ескерткіштері. Қ.ә. тілінің тарихын жазу үшін оның әр кезеңдегі әдеби тіл үлгісі болып табылатын жазба нұсқаларының (ескерткіштерінің) тілдік ерекшеліктерін жан-жақты зерттеу қажет. Қ.ә. т-нің қалыптасу кезеңіне (ХҮ-ХҮІІ ғ.) мағлұмат беретін жазба деректер тым аз сақталған, оның өзі ресми іс қағаздары сипатты. Мыс., хандар мен дін басшыларының атынан Сығанақ әкімдері мен шеихтарына арналып жазылған бір топ құжаттар (Яссауи ғимаратынан табылған) ХҮІ ғ. Жатса, Әбілғазы Баһадурханның хаттары -ХҮІІ ғ. Жәдігерліктері. Сондай-ақ осы дәуірде жазылған Қадырғали Жалайыридің «Жамих ат-тауарифы» мен Әбілғазы Баһадурханның «Шежіре-ит-түрк» атты шығармалары тарихи әдебиет немесе шежіре үлгісінде болып келеді. Бүгінгі қолымыздағы бар іс қағаздардың көбі ХҮІІІ ғ-дың 30-жылдары, яғни қазақ жерінің Ресейге қараған кезінен бергі архивте сақталған құжаттар. Олардың дені – қазақ хансұлтандарының, орыс әкімшілік орындарында әр түрлі мақсатта жазылған қатынас қағаздары мен жазысқан хаттары. Бұл аталған құжаттардың тілінде түркі әдеби тілінің дәстүрі емле заңдылықтары, кейбір морфол, тұлғалары, қалыптасқан сөз тіркестері мен жекелеген сөздер сақталған, бірақ, олардың негізгі қазақтың байырғы лексикасы мен дағдылы граммат. Құрылысы болып келеді. ХІХ ғ-дың екінші жартысына дейінгі жазба нұсқалар, негізінен, ресми құжаттар болып келсе, аталған кезеңнен бастап олар әр түрлі стильдік ыңғайда кездеседі. Бұл кезеңде әдеби тіліміздің жан-жақты дамуына белгілі тарихи жағдайлар себеп болды. Ең алдымен, қазақ жерінің Ресей қол астына қарауына байланысты берін-сарандап болса да қазақ балаларының орыс мектептерінде оқып, европалық мәдениеттен сусындауына мүмкіндік туды. Шоқан, Ыбырай, Абай бастаған ағартушылар тобы шықты, олар қазақ жастарын оқу-білім алуға үндеп, өздері үлгі көрсетті, қазақ мектептері ашылып, ана тілінде жекелеген мерзімді баспа сөз шыға бастады. Қазақ авторларының шығармалары жарық көріне бастады. Осы жағдайлардың бәрі Қ.т. т-нің өткен кездерге қарағанда жедел де жан-жақты дамуына әсерін тигізеді. Бұл кезеңдегі әдеби тіл үлгілерін 4 стильге жүйелеп қарауға болады.

*1. Ресми ісқағаз үлгілері.* Бұл тұстағы ресми іс қағаздары (бұйрық-жарлықтар, заң, қаулы-қарарлар, қатынас қағаздары) мазмұны жағынан болсын, формасы жағынан болсын, ХҮІІІ – ХІХ ғ-ғы құжаттарға ұқсас, бірақ, тілдік ерекшелігі жағынан қазіргі қазақ тіліне әлде қайда жақын және түсінікті болып келеді. Бұлардың бір қатары баспа бетін көрген, сондықтан да бір іске келтірген. *Тарихи Шолу.*

ХІХ ғасырдың ІІ жартысында қазақ даласында болған елеулі оқиғаның бірі- алғашқы қазақ газеттерінің шығуы болды. Бұл кезеңде патша өкіметі өзінің отаршылдық саясатын жүргізуде татар тілмаштарының көмегінен бас тартып, қазақтың ұлтық бұржуазиясына арқа сүйей бастағаны белгілі. Патша әкімшілігінің бұйырық- жарлықтарын жергілікті әкімдерге өз тілінде жеткізу, өкілеттік құжаттарды жергілікті халықтардың ана тілінде жариялап, сөзсіз орындаттыру, патша өкіметінің ресми көзқарастарын халық арасына кең тарату мақсаты тілінде шығатын газетті қажет етті. Сөйтіп ел басқару ісіне жеңілдету ниетімен алғашқы қазақ газеттері шығарыла бастады. Ташкентте 1870 жылдан бастап Түркістан уәлаятының газеті, Омбыда 1882 жылдан бастап Дала уәлаятының газетті шыға бастады. Бұл газеттер қазақ әдебиетін дамытуға, оның бір тармағы-ресми іс қағаздар тілін дамытуға үлкен үлес қосты. Газеттің негізгі мақсаты- үкіметтің бұйырық , жарлықтарының, сот органдарының өкімдерін, сауда хабарларын, Ресей және басқа мемлекеттердің өмірінде кездесетін оқиғаларды, шаруашылық хабарларын жазып тұру болды. Алғашқы қазақ газеттерінің жарияланған ресми құжаттар тілі газеттердің қазақ ресми іс қағаздар стилін қалыптастырудағы рөлі туралы «ХІХ ІІ жартысында шыққан алғашқы қазақ газеттердің ресми іс қағаздар стилін қалыптастырудағы рөлі» тақырыбында жан – жақты сөз болды. Сонда ХХ ғасырдың басында шыққан « Айқап» журналының ресми іс қағаздар стилін қалыптастырудағы рөлі жайлы да айтылады.

*2. Қоғамдық публицистикалық стильге жататын материалдар.* Бұл стильдің пайда болу қазақ тіліндегі алғашқы газеттердің шығуымен байланысты. Қазақ тіліндегі тұңғыш газет 1870 ж. Түркістан уәлаятының (өлкесінің) орталығы Ташкент қ-да «Түркістан уәлаятының газеті» деген атпен шыға бастады. Газет қазақ, өзбек тілдерінде айына 4 реттен (екеуі қазақша, екеуі өзбекше) 13 ж. бойына үзбей шығып тұрды. Оның бетінде қазақ халқының шаруа жайына, мәдениетіне, тарихи мен әдебиетіне қатысты көптеген

материалдар басылып тұрды. Газет өз оқушыларын шет ел жаңалықтарымен, техника, ғылым жаңалықтарымен де таныстырып отырды. Аталған газеттің қазақ тіліндегі шығарылуы тоқталғаннан кейін 1888 ж-дан бастап Дала өлкесінің орталығы Омбы қ-нда «Дала уәлаятының газеті» шығып тұрды. Бұл қазақ, орыс тілдерінде қатар шығып, ондағы материалдар бір біріне аударылып беріліп отырды. Бұл газет бетінде қазақ даласындағы ел басқару жайы, отырықшылыққа көшу, оқу-білімге ұмтылу, қазақ тілімен әдебиетін дамыту мәселелері жиі сөз болды. 1879 ж. Ы.Алтынсарин «Қазақ газеті» деген атпен бір ресми газет шығаруды мақсат етіп, оның алғашқы санын қолымен жазып, Ресейдің ішкі істер министірлігіне жібереді. Бірақ патша үкіметі бұл газетке рұқсат етпейді, газеттің сол саны архивте сақталған. Бұдан кейін де 1917 ж-ға дейін бірнеше газет, журнал шығады. 1911-1915 ж. «Айқап» журналы, 1913-1918 ж. «Қазақстан», «Қазақ» т.б. бірнеше саны жарық көріп жабылып қалған газеттер баршылық. Бұл газет материалдарынан Қ. ә. Т-нің публицистикалық стилінің қалыптасу жолын байқауға болады, сондай-ақ қазақ әдеби тілін дамытудың мәселелері жайындағы пікірлерді де кездестіруге де болады.

## «Айқап» журналы туралы сөз.

XX ғасырдың бас кезінде қазақ тілінде басылып шыққан газет, журналдардың ішінде әсіресе «Айқап» журналының (1911 - 1915) алатын орны ерекше еді. «Айқап» өз кезінде беделді, жалпыға түсінікті тілмен жазылған журнал болды. Қазақтың көптеген атақты жазушылары мен ақындары (С. Торайғыров, С. Дөнентаев, Б. Майлин, С. Сейфуллин, М. Сералин, Ә. Ғалимов т. б.) жұртшылыққа алғаш осы журнал арқылы танылды. Бұл журнал қазақтың тұңғыш драматургтерінің (көлбай Тоғұсов т. б.) шығармаларын, білімді аудармашылардың (Ахмет Баржақсин, Хүсейн Мұхамеджанов, Жиһаншах Сейдалин т. б.) аудармаларын және қазақ ақын әйелдерінің (Сақыпжамал Тілеубаева, Күләйім Өтегенова Мәриям седалинова т. б.) өлеңдері мен мақалаларын басып тұрды. Сонымен қатар «Айқап» халық бостандығы, ғылым, мәдениет, көркем өнер, оқу, отырықшылық, егін шаруашылығы, қала салу, қазақ әйелдерін азат ету тәрізді әр алуан әлеуметтік, тұрмыстық мәселелерді де көтеріп отырды. Журнал бетінде мезгіл-мезгіл медицина, агротехника, ветеринария, музыка мәселелері жөнінде консультациялар беріліп, әр саны сайын әңгіме, фельетон тәрізді түрлі жанрдағы көркем шығармалар басылып отырған. Журналда халықаралық жағдай жөнінде шолу, «Хабаршыларымыздан хаттар», «Басқармадан жауап» деген бөлімдер де болған.

«Айқап» журналы әсіресе қазақтың әдеби тілін, көркем проза мен поэзиясын дамытуда үлкен роль атқарды. Журнал әліппесі мен грамматикасын кең талқылап, қазақ тілінің орыс тілімен иық түйісе, онымен бірлесе отырып өркендеуіне көп септігін тигізді.

XX ғасырдың басындағы саяси-қоғамдық жағдайының күрделілігі мен қайшылығы журналдың жалпы бағытына әсер етпей қойған жоқ. Журнал бетінде прогресшіл демократ жазушылар еңбектерімен қатар кертартпа жазушылардың мақалаларының да ара-тұра басылған реттері болды. Сондай-ақ журналда Қашқымбаев, И. А. Кемали сияқты молдалардың діни мақалалары да жарияланғандығын айтпасқа болмайды. Алайда мұндай кемшіліктеріне қарамастан, жалпы алғанда, қазақ халқының мәдени өмірінде «Айқап» журналының прогрестік маңызы зор болды.

XX ғасырдың басында қазақ тілінде шығып тұрған газет, журналдарда екі түрлі саяси-идеялық бағыт байқалады. Оның бірі – «Айқап» есімімен аталатын демократияшыл, ағартушылық бағыт та. Екіншісі – оған қарама-қарсы «Қазақ» газеті (1913 – 1918) ұстаған ұлтшылдық кертартпа бағыт.

«Айқап» журналы кейде «Қазақ» газеті өкілдерінің мақалаларының баса отырып, олармен баспасөз арқылы ашық түрде пікір таласын жүргізген. «Қазақ» газеті қазақ халқының қала салып, егін егіп отырықшыел болуына қарсы шығып, бұрынғы көшпелі қалыпты жақтаса, «Айқап», керсінше, отырықшылыққа, қала салуға шақырады. Бұл екі баспасөз органдарының арасында әсіресе ана тілі, емле мен әліппені тәртіпке келтіру жөнінде талас әрі өткір, әрі табанды түрде жүргізілген. «Айқап» журналы орыс тілінен үлгі ала отырып, қазақ әліппесін тәртіпке келтіру, кейбір дыбыстардың жазылуын, айтылуын өзгерту жөнінде Ыбырай Алтынсариннің бастамасын қостаса, «Қазақ» газеті, керсінше, арап әліппесін өзгерпестен сол күйінде қалдыруды қолдаған. («Айқап», 1912, № 11 ).

# آيكاپ

چىڭخەي ئىنقىلابى دۆرىتىش جىمىنىسى

ЧУВАШСКИ ГОЛЪ ВЪЗДАНИ

№ 12 ترويسكى دە آيندا ابكى رەت قازاقچا چىڭخەي توغىن ژورنال 1914. 1 1914

### باصلقان سوزلەر:

پىتىر بورغىداغى كېڭەس مائورالى اويغا كېلگەن فېكرلەر م.س.  
 شىرىنئىدىيا نېپەسە غەزەبىدا ئالدىروغا؟ ا. آ. كمالى.  
 قازاندا مېنى كىم مېنىسى قازاقى بالاسى.  
 پىتىر بورغىدا مائەمان جىيەسى كىم ئالماقچى جىيەسى ۋەقە.  
 قىلپە ئىسەن  
 ئور بالالار مەزك نۇرى!  
 ئايباتىر اېرىجانىق.

### اولەك جىرلەر:

كوكىلدى كوندىرەن ئىقدىر م.س. م. ت.  
 نەزك كوكىل بابىباتىر ئايرىجان.  
 بېيىك ئايرىجان جانالىن.  
 جىرلەر: (ا. ب. كى)



ترويسكى دە، «ئىنىرگىيە» مېچەسى  
 ТРОИЦКЪ,  
 Электрo-тип. „Энергия“  
 1914 г.

Сурет 1. «Айкап» журналының мұқабасы.

## *«Сарыарқа самалы» облыстық газетінің тарихы.*

1922 жылдың тамыз айында болған Кеңес уездік съезінде Керекуде қазақ тілінде газет ашу туралы тұңғыш рет сөз болды. Алайда қағаздың тапшылығы, қазақ тіліндегі шрифтін жоқтығына байланысты бұл маңызды іс көпке дейін шешім таппады. Сөйткенмен де 1929 жылға дейін қазақ тілінде үш газет шыққаны белгілі болып отыр. Оның бірі – 1927 жылы 7 қарашада Қазан жеңісінің жылдағы құрметіне «Октябрьдің он жылы» және бір жыл өткен соң 1928 жылы қарашада «Октябрьдің он бір жылы» деген атпен екі газет жарық көрген. Бұл екі газет те уездік партия комитетінің органы болды.

Үшінші газет «Сақтықты күшейт» деген атпен 1928 жылдың 17 қазанында жарық көрді. Бұл газет Павлодар округтік комитеті ОСОАВИАХИМ бөлімінің органы болды. Аты аталған үш газет те Қазақ ССР – нің мемлекеттік кітапханасы палатасында сақтаулы. Жүйелі түрде шығып тұрғанымен, негізінде осы газеттер Ертістің Павлодарға қарасты өңіріндегі қазақ баспасөзінің тұңғыш қарлығаштары еді.

1928 жылы байтақ елімізге маңызды әкімшілік реформа жүргізілгені мәлім. Губерния, уезд, болыс жойылып, облыс, округ, аудандар құрылды. 1928 жылы 15 тамызда бұрын Семей губерниясына қарап келген Павлодар уезі жеке округ құрды. Бұрынғы 24 облыстың орнына 9 аудан ұйымдасты.

1928 жылдың 21 желтоқсанында Павлодар округтік партия комитеті орыс және қазақ тілінде газет шығару туралы қаулы алды. Қаулы қабылданар алдында округтік партия комитетінің бюросында газеттердің аты бекітілді. Қазақ тілінде шығатын газет «Кеңес туы» болып аталды. Сол жылғы желтоқсан айының аяқ кезінде қазақ тілінде шығатын газеттің редакторы болып өлкелік партия комитетінің жолдамасымен Бейсенбай Кенжебаев келді.

1929 жылдың 15 ақпанында «Кеңес туы» газетінің бірінші саны жарық көрді.

«Кеңес туының» бірінші нөмірінде округтік Кеңес комитетінің төрағасы Кадочкин жолдас «Кеңес туын» нығайтайық деген арнау мақала жазған екен.

Газеттің алғашқы нөмірінің жарық көруіне содан кейінгі жылдары да округтік партия комитетінің бюро мүшесі Әмірғали Епмағанбетов, округтік партия комитеті үгіт – насихаты бөлімінің меңгерушісі Кәрім Әжібеков зор көмек көрсетті. Кейіннен бұлар газет жұмысына белсене араласып, жылдар бойы редакция алқасының тұрақты мүшесі болды.

Колхоздастыру Павлодар округінде де кеңінен қанат жая бастады. Осы тұста 1930 жылдың 14 ақпанынан бастап «Кеңес туы» газетінің аты «Колхоз» болып өзгертілді. Бұл тұста газет редакциясында ағайынды Қаиыржан және Қалижан Бекхожиндер, Сағынбай және Зейін Шашкиндер, Ғалым Молдыбаев, Ғаббас Әміров, Самат Нұржанов, Жұмат Досқараев, Балтабек Асанов сияқты беделді де білікті журналистер еңбек етті.

1930 жылдың аяқ кезінде округтер жойылып, оның орнына ірілендірілген аудандар құрылды. Ертіс өңіріндегі бұрынғы 5-6 аудан бірігіп Павлодар ауданы болып ұйымдасты. Павлодар округтік партия комитеті мен округтік атқару комитетінің органы «Колхоз» газеті бұдан былайғы жерде ірілендірілген Павлодар ауданына қызмет етті. Бұл газет осы атпен 1938 жылдың сәуіріне дейін үзбей шығып тұрды.

1938 жылы Павлодар жеке облыс болып құрылды да облыстық партия комитеті бюросының 4 сәуірдегі шешіміне орай Қазақстан Компартиясы Павлодар облыстық және қалалық комитеттері мен еңбекшілер депутаттары облыстық Кеңесінің күнделікті газеті болып «Қызыл ту» газеті бекітілді. «Қызыл ту» - сонау отызыншы жылдардың басында жарық көрген «Кеңес туы», одан кейін «Колхоз» газеттерінің заңды жалғасы еді.

### *«Сарыарқа самалы»- облыс шежіресі*

Осыдан 70 жыл бұрын 1929 жылдың 15 ақпанында «Сарыарқа самалының» тұңғыш мақаласы жарық көрді. Ол әуелі «Кеңес туы», 1939 жылдан 1991 жылға дейін «Қызыл ту» деген аттармен шықты. Еліміз өзінің дербес тәуелсіздігін жарияланған кейін 1991 жылдың екінші жартысынан ол «Сарыарқа самлы» деген атпен жарық көруде.

Өткен уақыт газетінің өміріндегі елеулі атпен, айтулы белес, өсіп-өркендеудің, өз оқырмандары жүрегіне жол табудың қиын да қызықты жолдары.

Газет әр кезде өз дәуірінің, сол заманның, уақыттың тынысын қағаз бетіне түсіріп, жылнамасын жазып келеді. Сарғая бастаған 10,20,30 жылдар бұрынғы жылдырынан облысымыздың тарихы, өсіп-өніп көркеюі, дамуы, қиын-қыспақ мезгілдерді кешуі көз алдыңыздан өтеді.

Газет дәстүр жалғастығын сақтай отыра, қоғам алдындағы, оқырмандар алдындағы өз парызын адал атқарып келеді. «Сарыарқа самалы» бүгінде Қазақстан Республикасы мемлекеттігінің қалыптасуына, халықтар арасындағы достықтың нығаюына қомақты үлес қосуда. Газет беттеріндегі экономикалық реформаның жайы, нарықтық қатынастардың дамуы, жекешелендіру мен мемлекет иелігінен алу, яғни – бүгінгі күннің көкейтесті мәселелері тұрақты түрде жарық көруде.

Өткен жылдарға көз тастап, ой жүгіртсек, газетті ұйымдастырып, тұңғыш сандарын шығарған қазақ журналистикасындағы алдыңғы толқын ағаларымыздың есімдері еске оралады. Сол себепті газетіміздің бүгінгі мерекелік санында жалпы әр жылдарды редакцияда қажырлы қызмет атқарған қаламгерлерді атап өтуді жөн көрдік.

«Сарыарқа самалы» редакциясын көптеген қаламгерге өмірге жолдама берген құтты босаға, тәлімді ұжым. өздерінің еңбек жолын біздің газетте бастаған қаламдастырдың бірқатары кейінде республикаға әйгілі ақын, жазушылар, ғалымдар болды. Газеттің алғашқы редакторы Бейсенбай Кенжебаев бертін профессор, филология ғалымдарының докторы атанды. Сол сияқты қазақтың белгілі ақындары Қалижан Бекхожин, Мұзафар Әлімбаев, жазушылар Әзілхан Нұршайықов, Рамазан Тоқтаров, Мейрам Асылғазин бір кезде осы редакцияда қызмет еткен журналистер еді.

Газетте көп жылдар жұмыс істеп жүрген аға буын журналистер Төлеубек Қоңыр, Қажымұрат Смағұл өз шығармашылық туындыларымен оқырманға жақсы таныс. Одан кейінгі орта буын журналистер Бақыт Баймұратұлы, Өскенбай Тастемханов, Сүлеймен Баязитов, Сәлімбай Ермұратов, Ғалымбек Жұматов, Фарида Бықай және басқалары газетте бұрыннан қалыптасқан жақсы дәстүрді жалғастырып келеді.

Редакция ұжымының алдағы тұрған мақсаты халқымыздың ұлттық дәстүрін, ата салтын қайта жыңғырту, жастарымызды тәзімділікке, іскерлікке, қолға алған ісінің көзін таба білуге тәрбиелеу басты мақсатымыз. Бұл тұрғыда атқаратын жұмыс ұшан қиыр. Оған жұмыла кіріскенде ғана мақсат орындалады.

*1999 жылы «Сарыарқа» газетінің  
70 жылдығына арналған құттықтау хаттары.*

«Сарыарқа самалы» газетінің редакторы

М.М. Омаров мырзаға

Құрметті Мұхит Мүрсәлиұлы!

Газеттің қадірлі ұжым мүшелері және оқырмандары!

Сіздерді «Сарыарқа самалы» газетінің 70 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын.

Осы кезең ішінде басылым еліміздің саяси және экономикалық бағытына орай байсалды түйіндер жасап, облыс тұрғындарының әлеуметтік, мәдени өмірінен ұдайы өзекті ой-пікірлер жариялап, оқырмандарға жеткізіп келеді.

Өз еліміздің тарихы, онда туған ғұлама ғалымдар, кезінде қол бастаған батырлар және орақ тілді, дуалы ауыздар шешендер өнегесі, сондай-ақ, халықтың салт-дәстүрлері жайында журналистер мен оқырмандар материалдарының басылым беттерінде тұрақты орны бар.

Алдағы уақытта да осы үрдіс жалғасып, өнегелі өнер дерегі мен өшпес іс жөнінде жаңа деректер тауып, оқырмандар ойынан шығыңыздар.

Баршаңызға зор денсаулық, жаңа шығармашылық табыс және баянды бақыт тілеймін.

Халықаралық Қ.И.Сәтбаев

Қоры Павлодар филиалының

директоры

Оралбек ҚОЖАНОВ.

Құрметті редакция!

Сіздердің газеттеріңіздің 70 жылдық мерейтойы қайырлы болсын. Бұл «Сарыарқа самалы» газетінің жарық көргеніне 70 жыл толып отырған бүгінгі мерейтойларың сіздер үшін ғана емес, бүкіл республика халқының мерейтойы деп есептейміз. Еңбектеріңіз жана берсін, мәртебелеріңіз өсе берсін, шығармашылық биіктеріңіз көріне берсін.

Газеттің барлық ұжымына зор денсаулық, шығармашылық табыстар тілейміз.

Ақкөл ауылының әкімі

Қ.Жандарбеков

Ардагерлер кеңесінің төрағасы

Қ.Арынов

## *1989 жылы «Қызыл ту» газетінің*

### *60 жылдығына арналған құттықтау хаттары.*

«Қазақстан коммунисті» журналының ұжымдары Павлодарлық әріптестерін, оның қалың оқырмандар қауымын төл газетінің торқалы тойымен құттықтай отырып, «Қызыл туға» зор шығармашылық табыс, шалқар шабыт тілейді.

Алматы облыстық «Жетісу» газетінің ұжымдары.

Ертіс өңірі өмірінің шежіре айнасы болып отырған «Қызыл ту» алпысқа толған күні. Сіздерді осы мүшелмен шын жүректен құттықтап, қуаныштарыңызға ортақ екенімізді білдіреміз.

Ауылы аралас, қойы қоралас дегендей, іргелес жатқан екі облыс еңбекшілері көптен бері өзара жарыста. Ежелгі Ертіс өңірінің бүгінде қуатты индустрия аймағына айналғанына қазыналы Қарағанды өлкесінің еңбекшілері де достық көңілмен қуанышты. Облыс еңбекшілерінің серпінді еңбек тынысын, күнделікті өмірін, тамаша дәстүрлерін шынайы көрсетуде қаламдарыңыз бүгінгі қайта құру талабына сай қарқымды да ұшқыр болуына тілектеспіз.

### *Тарихи Шолу.*

XIX ғасырдың II жартысында қазақ даласында болған елеулі оқиғаның бірі- алғашқы қазақ газеттерінің шығуы болды. Бұл кезеңде патша өкіметі өзінің отаршылдық саясатын жүргізуде татар тілмаштарының көмегінен бас тартып, қазақтың ұлтық бұржуазиясына арқа сүйей бастағаны белгілі. Патша әкімшілігінің бұйырық- жарлықтарын жергілікті әкімдерге өз тілінде жеткізу, өкілеттік құжаттарды жергілікті халықтардың ана тілінде жариялап, сөзсіз орындаттыру, патша өкіметінің ресми көзқарастарын халық арасына кең тарату мақсаты тілінде шығатын газетті қажет етті. Сөйтіп ел басқару ісіне жеңілдету ниетімен алғашқы қазақ газеттері шығарыла бастады. Ташкентте 1870 жылдан бастап Түркістан уәлаятының газеті, Омбыда 1882 жылдан бастап Дала уәлаятының газетті шыға бастады. Бұл газеттер қазақ әдебиетін дамытуға, оның бір тармағы-ресми іс қағаздар тілін дамытуға үлкен үлес қосты. Газеттің негізгі мақсаты- үкіметтің бұйырық , жарлықтарының, сот органдарының өкімдерін, сауда хабарларын, Ресей және басқа мемлекеттердің өмірінде кездесетін оқиғаларды, шаруашылық хабарларын жазып тұру болды. Алғашқы қазақ газеттерінің жарияланған ресми құжаттар тілі газеттердің қазақ ресми іс қағаздар стилін қалыптастырудағы рөлі туралы «XIX II жартысында шыққан алғашқы қазақ газеттердің ресми іс қағаздар стилін қалыптастырудағы рөлі» тақырыбында жан – жақты сөз болды. Сонда XX ғасырдың басында шыққан « Айқап» журналының ресми іс қағаздар стилін қалыптастырудағы рөлі жайлы да айтылады.

Берілген қолхаттың аудармасы:

Мен Татар уезінен Абдулла ұлы Дәулет Павлодар имамы Файзоллаһ ұлы Фехтулаһқа 1871 жылы 21 маусымда қызым Насиманың тууына байланысты қолхат беріп отырмын

1.Куәгер Хамит ұлы Ибрагим.



## ҚАЗАҚ ӘЛІПБИ

Жазуда қазақ тілінің дыбыстарын таңбалауға арналған әріптердің ретретімен тізілген жиынтығы. Көптеген түркі тілдес халықтардың, соның ішінде қазақ халқының әліпбиі 1929 ж. дейін араб графикасына негізделіп жасалды (қ. Байтұрсынұлы әліпбиі). Одан кейін латын әліпбиі қабылданды. 1940 ж. ҚазКСР Жоғ. Кеңесінің сессиясы қаулысымен орыс графикасына негізделген қазіргі Қ. ә-не көшті. Орыс тіліндегі 32 әріп, оған қоса қазақша дыбыстарды таңбалайтын 9 әріп алынып (қ,ғ,ә,ө,ұ,ү,і,ң,һ), бұл таңбалардың орыс графикасындағы әріптерге (к,г,о,у,н) ұқсас келуі ескерілді. Орыс графикасына негізделген жаңа әліпби қазақ жазуында араб, латын әліпбиіндегі әріптердің жетіспеуінен туған қиындықтан құтқарды, сондай-ақ орыс тілінен және орыс тілі арқылы тілден енген сөздер мен терминдерді цитаталық принциппен жазуға мүмкіндік берді. Қазіргі Қ. ә. 42 әріптен тұрады. Әліпбидегі әріптердің баспахана жұмысына бейімделген баспа түрі, қолмен жазуға лайықталған жазба түрі, бұлардың әрқайсының бас әріптері, кіші әріптері бар. Қ.ә-нде әрбір әріп, негізінен бір ғана мағыналы дыбысты белгілейді. Қосарлы дыбыстарды белгілейтін біраз әріптер бар (я,ю,э,қ,щ,ц,ч,т.б.). «ъ», «ь» әріптері ешқандай дыбысты білдірмейді, олар қатар айтылған дауысыз бен дауысты дыбыстардың жіңішкелігін білдіру үшін (бандероль, артель) алынған шартты таңбалар. Бұл әріптер цитаталық принцип бойынша орыс тілінен енген сөздерде ғана қолданылады.

Павлодар Уездінде 1920 жылдың 29 қазан айында Токжигитовтың ұсынысы бойынша ең алғаш рет мемлекеттік тілде іс жүргізуге байланысты курстар өткізіле бастады. 1924ж 21 желтоқсан айында Павлодар Уездік басқармасында қырғыз тілінде іс қағаздарын жүргізуді енгізу туралы шешім қабылданды. 1933 жылдың 17 мамыр айында Орталық Атқару Комитетінің шешімі бойынша қай қала, ауыл кеңестерінде іс жүргізу мемлекеттік тілде өткізілуі туралы өкім шықты. Олар: Ермак қаласы, Ермак ауданы, Қызылжар колхозы, Бірлік колхозы т.б. 1940 жылдың 16 қазан айында Павлодар Уезді латын әріптен орыс графикасына негізделген жаңа әріпке көшіп, жаңа графиканы меңгеріп алу үшін курстар ашты. Педагогикалық кадрларды дайындау мақсатында 1940 жылдың бірінші желтоқсанынан оныншы желтоқсанына дейін мектеп мұғалімдеріне арналған онкүндік семинар өткізілген, әр ауданнан төрт бес адам жіберіліп отырған. Он бесінші желтоқсан айынан бастап аудан орталықтарында және басқа да ірі тұрғылықты пунктерде мұғалімдерге арналған семинар ұйымдастырылған. Өткізілетін семинарларда мұғалім ретінде облыстық семинарда дайындалған мұғалімдер дәріс берген. Отызыншы желтоқсаннан екінші қаңтарға дейін барлық аудан орталықтарында ауыл мектептеріндегі мұғалімдерге арналған семинар өткізілген. Осы жұмысты жүзеге асыру мақсатында ОблОно өз өкілдерін жіберіп отырған. Екінші жартыжылдықтың басында (13 қаңтардан бастап) қазақ мектептеріндегі 1 – 4 сыныптарда аптасына бір рет жаңа әліппені үйренуге арналған сабақтар енгізілген.